



ТАРАТУ ҮШІН

Баспасөз релизі

«НК «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен ынтымақтастық құрып, клиенттердің шоттарына ақша аудару бойынша онлайн-сервисті енгізді»

2015 ж.

16 қаңтар

Астана.– «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен серіктестік құра отырып, көрсетілетін қызметтер ауқымын кеңейту барысында жүк жөнелтушілердің дербес шоттарына ақша аудару бойынша онлайн-сервисті енгізді.

2015 жылғы қаңтар айынан бастап, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесі арқылы клиенттердің жүк тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуі үшін ақшаны нақты уақыт режимінде аударуды іске асыратын болады.

Қолданыстағы төлем тәсілдеріне қарағанда онлайн-сервистің дербес шотқа ақша аудару уақыты бойынша айтарлықтай артықшылығы бар. «Клиенттердің шоттарына ақша аудару бойынша онлайн-сервис» қызметі төлемдерді барынша тез, ыңғайлы әрі тиімді қылып, жүк жөнелтушілердің оларды жөнелту бойынша мүмкіндіктерін жылдамдатады. Оның көмегімен ұлттық көлік компаниясының клиенті жүкті тасымалдау үшін қызметтерге брінесе минут ішінде төлеп, ал «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ақшаны бірыңғай дербес шотқа аудара алады.

Бұл үшін бар болғаны Халық Банкінің «Интернет – банкинг» жүйесіне (Corrects нұсқасына) кіріп, тиісті жолақтарды толтыру керек.

Клиенттердің шоттарына ақша аудару бойынша енгізілетін онлайн-сервис «ҚТЖ» ҰК» АҚ клиенттерінің өсуі мен дамуына, сондай-ақ Компанияның жоғары имиджін қолдауына көмектеседі.

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
Ішкі хататма және бұқарамен байланыс
департаменті (Цпресс)
Тел. +7 (7172) 60-42-81,**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727
2 590 816, www.halykbank.kz**